



**БЕКІТІЛДІ**

«М.Х.Дулати атындағы Тараз  
университеті» КЕ АҚ

Стратегиялық, халықаралық даму және  
сапа комитетінің шешімімен






02.03.2025 ж. № 3 хаттама)

## **«ЛЕП» КӨПСАЛАЛЫ ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Тіркеу № 13

**ТАРАЗ, 2025**

## АЛҒЫ СӨЗ

|                                         |                                                                                                                                                    |                                                                                                 |               |
|-----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| 1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:                        | Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д.                                                                                                       | <br>/КОЛЫ/    | 11.03.2025 ж. |
|                                         | Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұрмайлов А.Е.                                                                                               | <br>/КОЛЫ/    | 11.03.2025 ж. |
|                                         | «Леп» көпсалалы жастар ұйымының жетекшісі Төрегелді А.Ж.                                                                                           | <br>/КОЛЫ/   | 11.03.2025 ж. |
| 2. ЕНГІЗІЛГЕН:                          | Жастармен жұмыс бөлімімен                                                                                                                          |                                                                                                 |               |
| 3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ              | 3 жыл                                                                                                                                              |                                                                                                 |               |
| 4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ                     | Алғаш рет                                                                                                                                          |                                                                                                 |               |
| 5. ТАРАТЫЛСЫН:                          | М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөліміне таратылсын     |                                                                                                 |               |
| 6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: | М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 3, « 28 » 03 2025 ж. |                                                                                                 |               |
| 7. КЕЛІСУШІЛЕР:                         | Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.                                                     | <br>/КОЛЫ/ | 14.03.2025 ж. |
|                                         | Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.                                                                         | <br>/КОЛЫ/  | 13.03.2025 ж. |
|                                         | Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.                                                                                                              | <br>/КОЛЫ/  | 14.03.2025 ж. |
|                                         | Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.Б.                                                                                              | <br>/КОЛЫ/  | 13.03.2025 ж. |
|                                         | Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.                                                                                              | <br>/КОЛЫ/  | 12.03.2025 ж. |

Бұл құжат «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

**МАЗМҰНЫ**

|     |                                                          |   |
|-----|----------------------------------------------------------|---|
| 1   | Қолданылу саласы.....                                    | 4 |
| 2   | Нормативтік сілтемелер.....                              | 4 |
| 3   | Негізгі терминдер,қысқартылған сөздер және белгілер..... | 4 |
| 4   | Жауапкершілік және өкілеттілік.....                      | 4 |
| 5   | Жалпы ережелер.....                                      | 5 |
| 6   | Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері.....            | 5 |
| 7   | Құқықтары.....                                           | 5 |
| 8   | Жастар ұйымының бағыттары.....                           | 6 |
| 9   | Жастар ұйымының құрылымы.....                            | 6 |
| 10  | Өзге де құрамдас бөлімдермен өзара қарым-қатынасы.....   | 7 |
| 11. | Қосымшалар.....                                          | 8 |
|     | А қосымшасы Танысу парағы.....                           | 8 |
|     | Б қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....                | 9 |

## **1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Ереже университет студенттерінің қыздар арасындағы өзекті мәселелерді реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының жастар ұйымын қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

### **2.1 Нормативтік құжаттар**

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

|       |                                                                                          |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жарғы | «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------|

## **3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР**

### **3.1 Негізгі терминдер**

Осы құжатта терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

### **3.2 Қысқартылған сөздер**

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

|                     |                                                |
|---------------------|------------------------------------------------|
| Дулати университеті | «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ |
| УСТ                 | Университеттің стандарттық талаптары           |
| СМЖ                 | Сапа менеджменті жүйесі                        |
| КММ                 | Коммуналдық мемлекеттік мекемесі               |

### **3.3 Белгілер**

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

## **4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Университеттің осы құжаты Дулати университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Жастармен жұмыс бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі



## **5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1. «ЛЕП» көпсалалы жастар ұйымы – 2024 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қабырғасында құрылған, студент қыздарға арналған ерекше ұйым. Ұйым қыздардың жеке және кәсіби әлеуетін дамытуға, олардың өзін-өзі танытуына мүмкіндік беруге және қыз-келіншектер арасында өзекті мәселелерді талқылауға бағытталған.

5.2. «ЛЕП» ұйымының басты мақсаты – қыздар арасында көшбасшылық, салауатты өмір салтын ұстану, құқықтық сауаттылықты арттыру және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру. Бұл ұйым қыздарға жеке және қоғамдық өмірде өзіндік орнын табуға көмектеседі.

5.3. Ұйым өз қызметін университеттің ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырады және тренингтер, спорттық шаралар, әлеуметтік сауалнамалар арқылы қыздардың білімін, тәжірибесін және әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған.

## **6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

«ЛЕП» көпсалалы жастар ұйымының негізгі мақсаты – студент қыздардың өзін-өзі дамытуы мен тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік тұрғыдан өсуіне мүмкіндік беру.

- Ұйым жастар арасында гендерлік теңдікті насихаттап, қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады.

- Сонымен қатар, қыздардың дене және психологиялық денсаулығын жақсарту үшін салауатты өмір салтына қатысты шараларды жүзеге асыруға басымдық береді.

- Ұйым міндеттері: қыздардың көшбасшылық дағдыларын дамыту үшін тренингтер өткізу; спорттық шаралар ұйымдастырып, олардың физикалық белсенділігін арттыру;

- қыздар арасындағы маңызды мәселелерді анықтау үшін әлеуметтік сауалнамалар жүргізу және нәтижелерін талдау;

- олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру арқылы құқықтық сауаттылығын арттыру;

- мәдени және шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған байқаулар мен іс-шаралар өткізу;

- қыздардың қоғамдағы рөлін арттыруға ықпал ету.

## **7. ҚҰҚЫҚТАРЫ**

«ЛЕП» көпсалалы жастар ұйымы құқылы:

- университет қабырғасында және одан тыс жерлерде қыздарға арналған тренингтер, семинарлар, спорттық және мәдени шараларды ұйымдастыруға;

- қыздар арасындағы өзекті мәселелер бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізуге және олардың нәтижелерін қоғамға таныстыруға;

- ұйым қызметін насихаттау үшін әлеуметтік желілерді, университеттік платформаларды және БАҚ құралдарын пайдалануға;

- тренингтер өткізу үшін кәсіби спикерлер мен сарапшыларды тартуға; қыздардың құқықтары мен міндеттерін қорғау және түсіндіру үшін университеттің әкімшілік құрылымдарымен және сыртқы ұйымдармен байланыс орнатуға

- қаржылай және материалдық қолдау тарту үшін демеушілермен және гранттық бағдарламалармен жұмыс істеуге;

- құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша студент қыздарға консультациялық қызмет көрсетуге;

- қыздарға арналған жеке және ұжымдық бастамаларды қолдауға және дамытуға.

## **8. ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

Тренингтер өткізу – көшбасшылық, уақытты басқару, қарым-қатынас, стресс-менеджмент және қыздарға арналған басқа да өзекті тақырыптар бойынша тренингтер ұйымдастыру.

Спорттық шаралар – қыздардың физикалық денсаулығын нығайтуға бағытталған фитнес-жаттығулар, жүгіру жарыстары, йога сабақтары, спорттық ойындар өткізу.

Әлеуметтік сауалнамалар жасау – қыздардың университеттегі, отбасындағы және қоғамдағы рөлі туралы сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін талдау арқылы жаңа жобалар әзірлеу.

Құқықтық сауаттылық – қыздардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру үшін дәрістер, семинарлар және құқықтық кеңестер ұйымдастыру.

Мәдени-ағартушылық – шығармашылық конкурстар, қыздардың таланттарын ашуға бағытталған іс-шаралар және ұлттық-мәдени кештер өткізу.

Қоғамдық пікір қалыптастыру – қыздар арасындағы өзекті мәселелерді талқылайтын ашық диалог алаңдарын құру.

Кәсіби тәжірибе – мансаптық өсуге бағытталған тренингтер мен кездесулер ұйымдастырып, әртүрлі салалардағы мамандармен байланыс орнату.

## **9. ЖАСТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

9.1. Жастар ұйымының қызметін үйлестіруді университеттің студенттік жастармен жұмыс жөніндегі мамандарымен бірге тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

9.2. Университеттің жастар ұйымының қызметіне тікелей басшылық етуді университеттің жастар ұйымының штабы жүзеге асырады.

9.3. Университеттің жастар ұйымының қатысушылары университеттің әр факультетінде білім алушылар қатарынан құрылған студенттік еріктілер отрядтары болып табылады.

Жастар ұйымы:

- Лидер
- Лидер орынбасары
- Хатшы
- Әр бағыттың жетекшілері

Жастар ұйымы өз жұмысында:

- Жастар ісі жөніндегі комитетімен;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, факультеттермен;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен;
- Университеттің медиа қызметімен, басқа да сыртқы ұйымдармен өзара

әрекеттеседі.

## **10. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімі, студенттік деканаттармен, жастармен жұмыс бөлімі жанындағы өзге де жастар ұйымдарымен жұмыс атқарады. «Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы» және облыстағы басқа волонтерлік қозғалыстармен бірге жұмыс атқару.

## А қосымшасы

(міндетті)

[illegible]

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]